

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сактау және  
әлеуметтік даму министрлігі  
Медициналық және  
фармацевтикалық қызметті  
бақылау комитеті Төрағасының  
20\_ ж. “\_\_\_\_\_”  
№ \_\_\_\_\_ бұйрығымен  
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану  
жөніндегі нұсқаулық**

**ВИПРОСАЛ В®**

**Саудалық атауы**  
Випросал В®

**Халықаралық патенттелмеген атауы**  
Жоқ

**Дәрілік түрі**  
Сыртқа қолдануға арналған жақпамай

**Құрамы**

1 г жақпамай құрамында

*белсенді заттар:*

кәдімгі улы сүр жыланның құрғақ уы – 0,05 ТӘБ

рацемиялық камфора – 30 мг,

сағыз скипидары – 30 мг,

салицил қышқылы – 10 мг,

*қосынша заттар:* вазелин, цетостеарил спирті, қатты парафин, натрий цетилстеарилсульфаты, глицерол, натрий хлориді, тазартылған су.

**Сипаттамасы**

Камфора мен скипидардың иісі бар ақ немесе аздап сарғыш ренді ақ түсті жақпамай.

**Фармакотерапиялық тобы**

Тірек-қимыл аппараты ауруларын жергілікті емдеуге арналған басқа да препараттар.

АТХ коды M02AX

**Фармакологиялық қасиеттері**

## **Фармакокинетикасы**

Жақпамай жылдам сінеді және бірнеше минуттан кейін құйдіру, жеңіл тері гиперемиясы және жылуды сезіну туындаиды. Ауыруды басатын әсері 20-30 минуттан соң басталады және 1,5-2 сағатқа созылады.

## **Фармакодинамикасы**

Жақпамайдың негізгі әсер етуші заты кәдімгі улы жыланның (*Venepum viperae berus*) уы, оның құрамында фосфолипаза, фосфодиэстераза, гиалуронидаза мен басқа да белсенді заттар бар. Улы жылан уының құрамында сонымен бірге спецификалық әсер ететін пептидтер бар, олар гемолизге себеп болады, капилляrlар өткізгіштігін арттырып, қан үюнина әсер етеді. Жергілікті қолданғанда улы жылан уының тітіркендіргіш және ауыруды басатын әсері бар, қайта сіңірілу кезінде организмнің қорғаныс механизмдерін белсендіреді.

Жақпамайдың құрамындағы камфора мен скапидар да сезімтал жүйке үштарын тітіркендіреді, сөйтіп жергілікті тітіркендіргіш және ауырғанды басатын әсер береді.

Тітіркену көп деңгейлі күрделі үйымның жұмыс механизмдерін жұлдындағы афференттік кіре берістен бастап ми қыртысымен аяқталатын ауыру сезімталдығының барлық бөліктерінде іске асатын антиоцицептивтік жүйенің жандануын туыннатады. Жұлдынның тиісті сегментіндегі тітіркену бастапқы ауыру импульстерінің ми қыртысына жетуін тежейді және ауыруды сезінуді бөгейді. Антиоцицептивтік жүйенің қызметіне эндогендік қосылыстар – энкефалиндер мен эндорфиндер (кейде оларды «рахаттану гормондары» деп те атайды) және ауыруды сезінуді, тамырлар өткізгіштігі мен басқа да үдерістерді реттеуде маңызды рөл атқаратын басқа пептидтер де қатысады. Осы орайда пайдалы болатын жергілікті және рефлекторлық реакциялар қанмен жабдықталу мен тіндердің қоректенуін жақсартуға, ауырудың әлсіреуіне ықпал етеді. Камфора, салицил қышқылы мен скапидар ауыруды басатын әсеріне қосымша антисептикалық әсерін, ал салицил қышқылы сонымен бірге кератолитикалық әсерді иеленген.

## **Қолданылуы**

- артрагияда
- невралгияда
- миалгияда
- ишиаста
- радикулитте

## **Қолдану тәсілі және дозалары**

Жақпамай сыртқа қолданылады. Тері бетінің көлеміне қарай ауыратын аймаққа кішкене аз мөлшерден 5-10 г (1-2 шай қасық) жақпамайды ауыру қарқынына қарай тәулігіне 1-2 реттен ауыру синдромы жойылғанға дейін жағады.

Емдеу курсының ұзақтығы аурудың сипаты мен ауырлығына байланысты.

## **Жағымсыз әсерлері**

Жақпамай компоненттеріне терінің жоғары сезімталдығы кезінде қышыну, ісіну немесе есекжем пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдайда емдеуді тоқтату және теріден жақпамайды жуып тастау ұсынылады. Аталған белгілер емдеуді тоқтатқаннан кейін қайтады.

Жағымсыз әсерлерін болдырmas үшін жақпамайдың азғана мөлшерін препарат сезімталдығын анықтау мақсатында алдын ала теріге жағып көру ұсынылады.

## **Қолдануға болмайтын жағдайлар**

- жақпамай компоненттеріне терінің жоғары сезімталдығы
- ойық жаралар мен терінің басқа да аурулары
- өкпенің жедел туберкулезі
- ми мен коронарлық қан айналымының бұзылуы
- ангиоспазм туындауына бейімділік
- бүйрек пен бауыр функциясының ауыр бұзылулары
- 15 жасқа дейінгі балалар

## **Дәрілермен өзара әрекеттесуі**

Анықталмаған

## **Айрықша иұсқаулар**

Жақпамайды зақымданған теріге жағуға болмайды. Қатты тітіркенуді болғызбау үшін жақпамайдың көзге немесе шырышты қабықтарға тимеуін қадағалау қажет.

Жақпамай құрамында қосымша заттар ретінде цетостеарилді спирт бар, ол тері реакцияларын (мысалы, жанаспалы дерматит) туыннатуы мүмкін.

Аллергиялық реакциялар туындағанда емдеуді тоқтату және теріден жақпамайды жуып тастау керек.

## **Жүктілік және лактация кезеңі**

Қолдануға болмайды.

*Дәрілік заттың көлік құралын немесе қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері*

Әсер етпейді.

## **Артық дозалануы**

Артық дозалануы туралы мәліметтер жоқ.

Жақпамай шырышты қабықтарға тиген жағдайда қатты тітіркендіреді. Көп мөлшерде кездейсоқ жұтып қойғанда жүрек айну, құсу, іштің ауыруы және бас ауыруы, бас айналу, ыстықты сезінү/қызару, құрысулар, тыныс алудың іркілуі және кома сияқты жедел улану симптомдары білінүі мүмкін.

Уланудың ауыр гастроинтестинальді немесе неврологиялық симптомдары бар пациенттерді бақылау және емдеу симптомдарына қарай. Құстывтуға болмайды.

### **Шығарылу түрі және қаптамасы**

30 г, 50 г немесе 75 г препарат мойнында қорғаныш алюминий жарғақшасы және пластмассадан жасалған бұралатын бушонда жарғақшаны тесуге арналған конус сияқты тетігі бар, ішкі беті лакпен жабылған алюминий сықпаға салынған.

Сықпа медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқаулықпен бірге қораптық картоннан жасалған қорапшаға салынады.

### **Сақтау шарттары**

25°C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Мұздатып қатыруға болмайды!

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

### **Сақтау мерзімі**

3 жыл

Қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

### **Дәріханалардан босатылу шарттары**

Рецептісіз

### **Өндіруші**

Таллинн фармацевтикалық зауыты АҚ.

Тонди 33, 11316 Таллинн, Эстония

### **Тіркеу қуәлігінің иесі**

«Гриндекс» АҚ. Крустпилс к., 53, Рига, LV-1057 Латвия

**Қазақстан Республикасы аумағында тұтынуышылардан өнім сапасына қатысты шағымдарды қабылдайтын, дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауга жауапты ұйымның мекенжайы**

«Гриндекс» АҚ өкілдігі

050010, Алматы қ., Достық д-лы, Бөгенбай батыр көш. қиылсы, 34а/87а  
үй, № 1 кеңсе

т./ф. 291-88-77, 291-13-84

эл. пошта: grindeks.asia.kz@mail.ru